ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 қыркүйек №4360-23-00-2/2103 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Баглан» атауымен әрекет етуші Таңат Бағланұлы Бағлан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Баглан» атауымен әрекет етуші Таңат Бағланұлы Бағланды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Баглан» атауымен әрекет етуші Таңат Бағланұлы Бағлан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Баглан» атауымен әрекет етуші Таңат Бағланұлы Бағланнан «Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 16 072 (он алты мың жетпіс екі) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажға төлеген сот шығысы 482 (төрт жүз сексен екі) теңге, барлығы 16 554 (он алты мың бес жүз елу төрт) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Баглан» атауымен әрекет етуші Таңат Бағланұлы Бағланнан мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.

Судья **Б. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 1 желтоқсан 2023 жылы заңды күшіне енді.

Судья **Б. Елшібеков**

Сот өндірісі
Судопроизводство
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
НОРМАТИВНАЯ ПРАВОВАЯ ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 26.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.12.2023, судья Елшібеков Б. Е., 04.12.2023